

## **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Урология ғылыми-зерттеу институтын қайта құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қараша N 1367

Урология ғылымын жетілдіру және дамыту, ғылыми жұмыстардың тиімділігін арттыру, халыққа мамандандырылған медициналық көмектің сапасын және дәрігерлік, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Урология ғылыми-зерттеу институты медицина ғылымына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде қаржыландыруды қолдану тәртібін сақтай отырып мекеме нысанында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Урология ғылыми орталығына қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

Урология ғылыми орталығына академик Бинеш Оразұлы Жарбосыновтың есімі берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен Денсаулық сақтау министрлігінің Урология ғылыми орталығы туралы Ережені бекітсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі